

«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» КМҚК

**Білім беру саласы: «Таным»**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану**

**Тақырыбы: « Бөлме өсімдігі. «Фигус гүлі »**

Өткізген: Ералина Г.М.  
Кіші №1 «Құлыншақ» тобы тәрбиешісі

Атырау-2022ж.

**Білім беру саласы:** «Таным».

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Жаратылыстану

**Тақырыбы:** «Бөлме өсімдігі. Фигус гүлі»

**Мақсаты:**

Бөлме гүлдерінің бірі- фикус гүлімен таныстыру. Дала гүлдерімен бөлме гүлдерінің айырмашылығын түсіндіру. Балалардың гүлдерге деген қамқорлық сезімдерін ояту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттырып, оларды қамқорлыққа ала білуге және күтіп баптауға үйрету.

**Қажетті көрнекі құралдар:** гүлдердің суреті, ыдыстағы фикус гүлі.

**Шаттық шеңбері:**

Амансыңба алтын күн,

Амансыңба жер ана,

Амансыңба достарым,

Сендерді көріп қуанам.

**Жұмбақ:**

Адамдардың бәрі қызығады,

Су құймасаң сәні бұзылады. (гүл)

Дұрыс балалар жарайсыңдар.

**Тәрбиеші:** Біз бүгін табиғаттың ғажайып байлығы гүлдермен танысамыз, гүлдердің көптеген түрлері бар. Дала гүлдері, бөлме гүлдері, емдік гүлдер және т.б. Дала гүлдеріне қызғалдақ, бақбақ т.б жатады. Себебі бұл гүлдер далада өседі. Бүгін біз фикус гүлімен танысамыз. Фигус әдемі жапырақты бұтақты өсімдік. Өсімдіктің діні жуан болсада жапырағы майда ірі болып келеді.

Тәрбиеші: Қане менімен бірге қосылып қайталаңдаршы. Балаларға фикус сөзін қайталату.

**Тәжірибе:** Балалар фикус гүлінің жапырақтарының шаңын сулы сүлгімен сүртеміз . 2-3 баламен.

Суды жапырақтарына тигізбей топырағына құямыз.

Балалар жарайсыңдар.

**Сергіту сәті:**

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі

Кіп –кішкентай ағаштар

Үлкен болып өседі.

**Топтық жұмыс:** Гүлдің текшелерін күлтешелерінің түстеріне қарай орналастыр. Тапсырманы тәрбиешімен бірге орындайды.

Сұрақ-жауап арқылы пысықтау:

Балалар бүгін не туралы айттық?

Қандай гүл туралы айттық?

Бөлме гүлдерін қалай күтеміз?

Балалар жауап беруге тырысады.

Жарайсыңдар!